



Атбасар ауданы бойынша 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер бекіту туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 1 желтоқсандағы № а-12/243 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына сәйкес, Атбасар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Атбасар ауданы бойынша 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер бекітілсін.

2. "Атбасар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген бюджет шеңберінде қызметтерді уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атбасар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К.Әлімжанов

Атбасар ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "01" желтоқсан
№ а-12/243 қаулысына
қосымша

Атбасар ауданы бойынша 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 08.04.2026 № а-4/67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| № | Мекемелердің типтері | Күніне бір қызмет алушының тарифі (теңге) |
|---|----------------------|---|
| 1 | Үйде қызмет көрсету | 2175,01 |

| | | |
|---|--|---------|
| 2 | Күндізгі болу бөлімшесі, жартылай стационар | 3609,14 |
| 3 | Мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталығы, жартылай стационар | 5986,41 |
| 4 | Мүгедектігі бар балаларға арналған оңалту орталығы, жартылай стационар | 7373,63 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК